

«Қазақ тілі және мәдениеті» кафедрасы Қазақстанның тұңғыш ғарышкері Т.Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына 30 жыл толуына орай «БИІКТЕРДІ БАҒЫНДЫРҒАН» атты іс-шара ұйымдастырып, өткізді. Бұл шараға университетіміздің студенттері қатысып, белсенділік танытты.

Мақсаты мен міндеттері:

- XX ғасырдың II жартысындағы адам баласының ғарышты игерудегі жетістіктері жайында мағұлмат беру.
- жастардың патриоттық, отаншылдық сезімін оята отырып, елін, жерін сүйеге, ғарышкерлерді құрметтеуге тәрбиелеу.
- ғарыш саласында ғарышкерлердің ғылыми жетістіктерге қол жеткізген зерттеулері жайлы студенттерге ақпараттар бере отырып, ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру

Іс-шара шеңберінде викторина ұйымдастырылып, оның нәтижесі бойынша жеңімпаз атанған топтарға I, II, III дәрежелі дипломдары табысталды. Барлық қатысушылар ҚарТУ-дің тәрбие ісі жөніндегі проректоры міндетін атқарушы М. Құттыбайдың алғыс хатымен және ерекшеленген студенттер сыйлықтармен марапатталды:

I орын - ОП-20-1с тобының студенті Баисов Ернұр, жетекшісі ф.ғ.к., доцент Хамзина К.М.

II орын - НД-20-3 тобының студенті Төлеуғазы Алема, жетекшісі аға оқытушы Түсіпбекова Э.К.

III орын - ОП-20-2 тобының студенті Аманбеков Алдияр алды, жетекшісі ф.ғ.к. Әшірбекова А.Б.

